

"Қазақстан Республикасы мен Норвегия Корольдігінің арасындағы табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 30 қазан N 1374

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы мен Норвегия Корольдігінің арасындағы табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасы мен Норвегия Корольдігінің арасындағы
табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау
және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы
конвенцияны бекіту туралы

2001 жылғы 3 сәуірде Осло қаласында жасалған Қазақстан Республикасы мен Норвегия Корольдігінің арасындағы табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенция бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы мен Норвегия Корольдігінің арасындағы

табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау
және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы
Конвенция

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Норвегия Корольдігінің Үкіметі екі Мемлекет арасындағы экономикалық, ғылыми, техникалық және мәдени ынтымақтастықты дамытуға және нығайтуға деген ниеттерін растап және табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Конвенция жасасуды қалай отырып, төмендегілер туралы келісті:

I тарау

Конвенцияның қолданылатын саласы

1-бап

Конвенция қолданылатын тұлғалар

Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттердің біреуінің немесе екеуінің де резиденті болып табылатын тұлғаларға қолданылады.

2-бап

Конвенция қолданылатын салықтар

1. Осы Конвенция, Уағдаласушы Мемлекеттің немесе оның аймақтық немесе жергілікті өкімет органдарының атынан алынатын табыс пен капиталға салынатын салықтарға оларды алу әдісіне қарамастан қолданылады.

2. Жылжитын және жылжымайтын мүлікті шеттетуден алынған табыстарға

салынатын салықтар мен кәсіпорындар төлейтін еңбекақының немесе жалақының жалпы сомасына салынатын салықтар табыстарға және капитал құнның өсіміне салынатын салықтарды қоса, табыстың жалпы сомасынан, капиталдың жалпы сомасынан, капиталдың жалпы сомасынан немесе табыстың не капиталдың жеке элементтерінен алынатын салықтардың барлық түрлері табыс пен капиталға салынатын салықтар деп есептеледі.

3. Осы Конвенция қолданылатын қазіргі салықтар атап айтқанда, мыналар болып табылады:

а) Қазақстан жағдайында:

- (i) заңды және жеке тұлғалардың табысына салынатын салық;
 - (ii) заңды және жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық;
- (бұдан әрі - "Қазақстан салығы" деп аталады);

b) Норвегия жағдайында:

- (i) табысқа салынатын ұлттық салық;
- (ii) табысқа салынатын аймақтық қалалық салық;
- (iii) табысқа салынатын қалалық салық;
- (iv) Салық Басқармасының ұлттық Қорына жарналар;
- (v) капиталға салынатын ұлттық салық;
- (vi) капиталға салынатын қалалық салық;

(vii) су асты мұнай ресурстарын барлау мен игеруден, мұнай өнімдерін құбырмен тасымалдауды қоса алғанда, соларға байланысты әрекеттер мен жұмыстардан алынатын табыс пен капиталға қатысты ұлттық салық; және

(viii) резидент емес әртістердің сыйақыларына салынатын ұлттық алымдар;

(бұдан әрі - "Норвегия салығы" деп аталады).

4. Конвенция, сондай-ақ осы Конвенцияға қол қойылған күннен кейін қолданылып жүрген салықтарға немесе солардың орнына қосымша алынатын бірдей немесе іс жүзінде ұқсас кез келген салықтарға қолданылады.

II тарау

Анықтамалар

3-бап

Жалпы анықтамалар

1. Егер түпнұсқадан өзге мағына тумаса, осы Конвенцияның мақсаттары үшін:

а) (i) "Қазақстан" Қазақстан Республикасын білдіреді. Географиялық мағынада қолданған кезде "Қазақстан" термині халықаралық құқыққа сәйкес Қазақстан белгілі бір мақсаттар үшін егемендік құқықтары мен заңдарын жүзеге асыра алатын және Қазақстанның салықтарын реттейтін заңдар қолданылатын аумақтық суларды, сондай-ақ айрықша экономикалық аймақ пен құрлықтық шельфті қамтиды;

(ii) "Норвегия" термині, Норвегияның заңдарына сәйкес және халықаралық құқықтарға сәйкес Норвегия Корольдігі теңіз табанына, теңіз түбіне қойнауына және олардың табиғи ресурстарына қатысты өзінің құқықтарын жүзеге асыра алатын, Норвегия Корольдігінің аумақтық сулары шегіндегі кез келген аймақты қоса, Норвегия

Корольдігін білдіреді; термин Свалбардты, Жан Маенді және Антарктидадағы норвегиялық аумақтарды ("biland") қамтымайды;

б) "тұлға" термині жеке тұлғаны, компанияны және тұлғалардың кез келген басқа бірлестігін білдіреді;

с) "компания" термині салық салу мақсаттары үшін корпоративтік бірлестік ретінде қарастырылатын және Қазақстан жағдайында корпоративтік бірлестік ретінде салық салуға жататын, акционерлік компанияны, жауапкершілігі шектеулі компанияны кез келген заңды тұлғаны қамтитын кез келген корпоративтік бірлестікті немесе кез келген экономикалық бірлікті білдіреді;

д) "Уағдаласушы Мемлекет" және "басқа Уағдаласушы Мемлекет" терминдері түпнұсқаға қарай, Қазақстанды немесе Норвегияны білдіреді;

е) "Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны" және "басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны" терминдері тиісінше Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды білдіреді;

ф) "халықаралық тасымал" термині теңіз немесе әуе кемесі басқа Уағдаласушы Мемлекетте тек пункттері арасында ғана пайдаланылатын жағдайлардан басқа, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны пайдаланатын кез келген теңіз немесе әуе көлігімен тасымалды білдіреді;

г) "құзыретті орган" термині:

(i) Қазақстанда: Қаржы министрлігін немесе оның уәкілетті өкілін;

(ii) Норвегияда: Қаржы және Кеден министрі немесе оның уәкілетті өкілін білдіреді;

h) "ұлттық тұлға" термині:

(i) Уағдаласушы Мемлекетте азаматтығы бар кез келген жеке тұлғаны;

(ii) Уағдаласушы Мемлекеттің қолданылып жүрген заңдары негізінде өз мәртебесін алған кез келген заңды тұлғаны, серіктестікті немесе қауымдастықты - білдіреді.

2. Уағдаласушы Мемлекет кез келген уақытта осы Конвенцияны қолданған кезде, онда айқындалмаған кез келген термин, егер түпнұсқадан өзге мағына тумаса, осы Конвенция қолданылатын салықтарға қатысты осы Мемлекеттің заңдары бойынша ол қандай мағынада пайдаланылса, сондай мағынаға ие және оның осы мемлекеттің салық заңдарына қолдану жөніндегі кез келген мағынасы осы мемлекеттің басқа заңдары бойынша терминге берілетін мағынадан басым болады.

4 - б а п
Р е з и д е н т

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті" термині өзінің тұрғылықты орны, резиденттігі, басқару орны, құрылу орны немесе

осындай сипаттағы кез келген басқа өлшемнің негізінде, осы Мемлекеттің заңдары бойынша онда салық салынуға тиісті кез келген тұлғаны білдіреді, сондай-ақ осы Мемлекетті және оның кез келген аймақтық немесе жергілікті өкімет органын қамтиды. Ол, сондай-ақ зейнетақылық немесе жұмыс істеушілерге арналған жәрдемақылардың басқа да бағдарламасын, сондай-ақ Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес құрылған кез келген қайырымдылық ұйымды қамтиды.

Алайда, бұл термин тек осы Мемлекеттегі көздерден алынатын табысқа немесе онда орналасқан капиталға қатысты осы Мемлекетте салық салынуға жататын кез келген тұлғаны қамтымайды.

2. Егер 1-тармақтың ережелеріне сәйкес жеке тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылса, оның мәртебесі мынадай тұрғыдан айқындалады:

а) ол өзінің меншігіне жататын тұрақты баспанасы орналасқан Мемлекеттің резиденті болып есептеледі; егер оның Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінде де тұрақты баспанасы болса, ол барынша тығыз жеке және экономикалық қатынасы (өмірлік мүдделер орталығы) бар Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

б) егер оның өмірлік мүдделер орталығы бар Мемлекетті айқындау мүмкін болмаса немесе оның Уағдаласушы Мемлекеттердің біреуінде де өзінің иелігіндегі тұрақты баспанасы болмаса, ол өзі әдетте тұрып жатқан Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

с) егер ол әдетте Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінде де тұратын болса немесе олардың біреуінде де тұрмаса, ол өзі азаматы болып отырған Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

д) егер ол екі Мемлекеттің не немесе олардың бірде-бірінің де азаматы

болып табылмаса Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары мәселені өзара келісім бойынша шешеді.

3. Егер 1-тармақтың ережелеріне сәйкес, жеке тұлғадан өзге тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылса, ол онда тиімді басқару орны бар мемлекеттің резиденті болып саналады.

5-бап

Тұрақты мекеме

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "тұрақты мекеме" термині кәсіпорынның кәсіпкерлік іс-әрекеті толық немесе ішінара жүзеге асырылатын тұрақты іс-әрекет орнын білдіреді.

2. "Тұрақты мекеме" термині, атап айтқанда, мыналарды:

- а) басқару орнын;
- б) бөлімшені;

- с) кеңсені;
- д) фабриканы;
- е) шеберхананы; және

г) шахтаны, мұнай немесе газ ұңғыма, кенішті немесе табиғи ресурстар өндіретін басқа да кез келген кен орынын - қамтиды.

3. "Тұрақты мекеме" термині, сондай-ақ мыналарды қамтиды:

а) құрылыс алаңқайын немесе құрылыс салу немесе монтаждау немесе құрастыру объектісін, немесе соларға байланысты көрсетілген байқау қызметтерін, егер тек мұндай алаң немесе объект 12 айдан астам уақыт әрекет етсе немесе мұндай қызметтер 12 айдан астам уақыт бойы көрсетілсе ғана;

б) табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылған қондырғыны немесе құрылыс-жайын, немесе соларға байланысты байқау қызметін, немесе бұрғылау қондырғысын, егер тек мұндай пайдалану 6 айдан астам уақытқа созылса немесе мұндай қызметтер 6 айдан астам уақыт бойы көрсетілсе ғана;

с) осындай мақсаттар үшін жалдап алынған, қызметшілер немесе басқа қызметкерлер арқылы, консультациялық қызметтер қоса алғанда, қызметтер көрсетуді, егер тек мұндай сипаттағы іс-әрекет елдің көлемінде 12 айдан астам уақытқа жалғасса ғана.

4. Осы Баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан "тұрақты мекеме" термині мыналарды:

а) құрылыстарды тек сақтау, көрсету немесе кәсіпорынға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды сақтау, көрсету не жіберіп тұру мақсаттары үшін пайдалануды;

б) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек сақтау, көрсету немесе жіберіп тұру мақсаттары үшін ғана ұстауды;

с) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек өзге кәсіпорынның ұқсату мақсаттары үшін ұстауды;

д) тұрақты қызмет орынын тек тауарлар немесе бұйымдар сатып алу мақсаттары үшін немесе кәсіпорынға арналған ақпарат жинау үшін ғана ұстауды;

е) тұрақты қызмет орынын тек кәсіпорын үшін дайындық немесе көмекші сипаттағы кез келген басқа қызметті жүзеге асыру үшін ғана ұстауды;

ф) тұрақты қызмет орнының осындай амал нәтижесінде туындаған жиынтық қызметі дайындық немесе көмекші сипатта болған жағдайда тұрақты қызмет орынын а) тармақшасынан е) тармақшасына дейін көрсетілген қызмет түрлерінің кез келген амалын жүзеге асыру үшін ғана ұстауды - қамтиды деп қарастырылмайды.

5. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, егер оған 6-тармақ қолданылатын, тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға кәсіпорынның атынан іс-әрекет етсе және Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпорын атынан келісім-шарттар жасау

өкілеттігіне ие болса және оны әдетте пайдаланып жүрсе, тек егер осындай тұлғаның әрекеті 4-тармақта айтылған ережелермен шектелсе, ол егер және тұрақты қызмет орыны арқылы жүзеге асырылса да, осы тұрақты қызмет орынын осы тармақтың ережелеріне сәйкес тұрақты мекемеге айналдырмаса, онда бұл кәсіпорын осы тұлғаның кәсіпорын үшін жүзеге асыратын кез келген әрекетіне қатысты осы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар кәсіпорын ретінде қарастырылады.

6. Кәсіпорын осы Мемлекеттегі кәсіпкерлік қызметін делдал, бас комиссионер немесе тәуелсіз мәртебесі бар кез келген басқа агент арқылы жүзеге асырғаны үшін ғана, егер осындай тұлғалар өздерінің әдеттегі қызметі шеңберінде әрекет жасаған жағдайда, Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар кәсіпорын ретінде қ а р а с т ы р ы л м а й д ы .

7. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның

басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияны бақылауы немесе оның бақылауында болуы немесе осы басқа Мемлекетте кәсіпкерлік қызметпен айналысуы (не болмаса тұрақты мекеме арқылы немесе басқа жолмен айналысуы) фактісінің өзі-ақ осы компаниялардың бірін екіншісінің тұрақты мекемесіне айналдырмайды.

III тарау Кіріске салық салу

6-бап Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен алған табысқа (ауыл шаруашылығынан немесе орман шаруашылығынан алған табысты қосқанда) осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте с а л ы қ с а л ы н у ы м ү м к і н .

2. "Жылжымайтын мүлік" термині қаралып отырған мүлік орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің заңы бойынша қандай мағынаға ие болса, сондай мағынаға ие болады. Термин кез келген жағдайда жылжымайтын мүлікке қатысты қосалқы мүлікті, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығында пайдаланылатын мал мен құрал жабдықтарды, жер меншіктілігіне қатысты жалпы құқықтың ережелері қолданылатын құқықтарды, жылжымайтын мүлік узуфруктын және минералдық ресурстарды, қорларды және басқа табиғи қазбаларды игеру үшін берілетін өтемақы ретіндегі өзгермелі немесе кесімді төлемдерге арналған құқықтарды және жоғарыда

аталғандарды игеру құқығын қамтиды. Теңіз және әуе кемелері жылжымайтын мүлік ретінде қарастырылмайды.

3. 1-тармақтың ережелері жылжымайтын мүлікті тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе кез келген басқа тұрғыда пайдаланудан алынған табысқа қолданылады.

4. 1, 3 тармақтардың ережелері, сондай-ақ кәсіпорынның жылжымайтын мүліктен алынатын табысқа және тәуелсіз жеке қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүліктен алынатын табысқа қолданылады.

7 - б а п

Кәсіпкерлік қызметтен алынатын табыс

1. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекемесі арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналыспаса, кәсіпорынның пайдасына тек осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер кәсіпорын жоғарыда айтылғанындай, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын немесе айналысқан болса, онда кәсіпорынның табысына басқа Мемлекетте тек мыналарға:

а) осындай тұрақты мекемеге;

б) осындай тұрақты мекемелер арқылы сатылатын тауарлар мен бұйымдарға сай келетін тауарлар мен бұйымдардың осы басқа Мемлекетте сатылыстарына; және

с) осындай тұрақты кәсіпорын арқылы жүзеге асырылатын, өзінің сипаты жөнінен кәсіпкерлік іс-әрекетпен сай келетін, осы Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асырылатын басқа кәсіпкерлік әрекетке - қатысты тұрғыдан ғана салық салынуы мүмкін.

2. 3-тармақтың ережелерін ескере отырып, егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысатын болса, онда ол осы тұрақты мекеме нақ осындай немесе осыған ұқсас жағдайларда дәл осындай немесе соған ұқсас қызметпен айналысып, өзі тұрақты мекемесі болып табылатын кәсіпорыннан мүлдем дербес әрекет жасағанда алуы мүмкін пайда әрбір Уағдаласушы Мемлекеттегі осы тұрақты мекемеге жатқызылады.

3. Тұрақты мекеменің пайдасын айқындау кезінде төмендегі шығындар тұрақты мекеме орналасқан Мемлекетте немесе одан тысқары жерде жұмсалғанына қарамастан басқару және жалпы әкімшілік шығындарын қосқанда, тұрақты мекеменің мақсаттары үшін жұмсалған шығындарды шегеріп тастауға болады. Уағдаласушы Мемлекетте шегерім ретінде рұқсат етілген шығындар, тек осы Уағдаласушы Мемлекеттің ішкі заңдары бойынша шегерілетін шығындарды ғана қамтиды. Алайда, мұндай шегерім тұрақты мекеме немесе оның кез келген басқа офісі роялти, гонорарлар немесе басқа ұқсас төлемдерді төлеу жолымен патенттерді немесе басқа құқықтарды пайдаланғаны үшін орнын толтыру есебінен басқа ұқсас төлемдерді немесе нақты қызметтер

көрсеткені үшін немесе менеджмент үшін комиссиялық ақы төлеу арқылы немесе тұрақты мекемеге қысқартылған сомаға проценттер төлеу арқылы банктік кәсіпорындар жағдайларынан басқа жағдайларда, төленген сомаларды тұрақты мекемеге шегеріп тастауға болмайды.

4. Бұл әдетте Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемеге қатысты пайданы айқындау кәсіпорынның әртүрлі бөлімшелері бойынша оның пайдасының жалпы сомасын тепе-тең бөлу арқылы негізделетін болса, 2-тармақта ештеңе де осы Уағдаласушы Мемлекетте әдетте қабылданғанындай, осылай бөлу арқылы айқындауға тыйым салмайды; алайда тепе-тең бөлудің таңдап алынған әдісі осы Бапта айтылған қағидаттарға сәйкес келетін нәтижелер беруге тиіс.

5. Тұрақты мекеменің кәсіпорын үшін тауарларды немесе бұйымдарды сатып алуының ғана негізінде осы тұрақты мекемеге қандай да бір пайда есептелмейді.

6. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органына қол жетерлік және оңай алынатын тұрақты ақпарат тұрақты мекеменің пайдасы мен шығыстарын айқындау үшін жеткіліксіз болып табылса, пайданың осы Мемлекеттің салық заңдарына сәйкес есептелуі мүмкін. Осы тармақтың мақсаттары үшін, егер құзыретті орган мұндай ақпаратты жазбаша сұратқан күннен бастап 91 күннің ішінде салық төлеуші сұратып отырған құзыретті органға ақпаратты берсе, ақпарат жеңіл алынған ретінде саналады.

7. Мұның алдындағы тармақтардың мақсаттары үшін тұрақты мекемеге жататын пайда, егер мұндай тәртіпті өзгерту үшін жеткілікті және дәлелді себептері болмаса жылдан жылға біркелкі тәсілмен айқындала береді.

8. Егер пайда осы Конвенцияның басқа баптарында айтылған табыстардың түрлерін қамтитын болса, онда бұл баптардың ережелерін осы баптың ережелері қозғамайды.

8 - б а п Теңіз және әуе көлігі

1. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны теңіз немесе әуе кемелерін халықаралық тасымалдауда пайдаланудан алған пайдаға тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. 1-тармақтың ережелері, сондай-ақ тұлға бірлескен кәсіпорындарға немесе көлік құралдарын пайдалану жөніндегі халықаралық ұйымдарға қатысудағы пайдаға қ о л д а н ы л а д ы .

3. 1 және 2 тармақтардың ережелері Норвегия, Дания және Швеция бірлестігі Скандинавия Авиажелілері (SAS) жүйесінің автокөлік консорциумы ретінде алған пайдаға, бірақ Dct Norske Luftfartsselskap A/S (DNL), Скандинавия Авиажелілері (SAS) жүйесінің Норвегиялық қатысушысы осы ұйымдағы оның үлесіне сай пайдасына ғана қ о л д а н ы л а д ы .

Ассоциацияланған кәсіпорындар

Е г е р

а) Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорынның басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса, немесе

б) белгілі бір тұлғалар Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорынын және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса; немесе

және кез келген жағдайда, екі кәсіпорынның арасында олардың коммерциялық немесе қаржылық қатынастарында тәуелсіз екі кәсіпорынның арасында орын алуы мүмкіндігінен өзгеше ақуал пайда болса немесе орнаса, онда олардың біріне есептелуі мүмкін, бірақ осы жәйттердің орын алуына байланысты оған есептелмеген кез келген пайда осы кәсіпорынның пайдасына қосылуы және, тиісінше, оған салық салынуы мүмкін.

1 0 - б а п

Д и в и д е н д т е р

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компаниялардың басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтеріне осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, мұндай дивидендтерге дивидендтерді төлейтін компания резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте де осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, ал егер аларман дивидендтердің іс жүзіндегі иесі болып табылса, онда осындай жолмен алынатын салық мыналардан:

а) егер іс жүзіндегі егер дивидендтерді төлейтін компанияның капиталының кемінде 10 процентіне тікелей ие болса - дивидендтердің жалпы сомасының 5 процентінен;

б) барлық басқа жағдайларда - дивидендтердің жалпы сомасының 15 процентінен - аспауы керек.

Осы тармақтың ережелері дивидендтер төленетін пайдаға қатысты компанияға салық салуды қарастырмайды.

3. "Дивидендтер" термині осы Бапта пайдаланылғанда борыш талаптары болып табылмайтын акциялардан және басқа да құқықтардан алынатын табысты, сондай-ақ резиденті табысты бөлетін компания болып табылатын, Мемлекеттің заңдарына сәйкес акциялардан алынатын табыс ретінде, дәл сондай салық реттеуіне жататын басқа да корпоративтік құқықтардан алынатын табысты білдіреді.

4. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын, дивидендтердің іс

жүзіндегі иесі дивидендтерді төлейтін компания резиденті болып отырған басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекемесі арқылы онда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және төленіп жүрген дивидендтерге қатысы бар холдинг шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болса, онда 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7-баптың (Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда) немесе 14-баптың (Тәуелсіз жеке қызметтер) ережелері қолданылады.

5. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компания басқа Уағдаласушы Мемлекеттен пайда немесе табыс алып тұрған болса, осы басқа Мемлекет, мұндай дивидендтер осы басқа Мемлекеттің резидентіне төленетін немесе өзіне қатысты дивидендтер төленетін холдинг шын мәнінде осы басқа Мемлекетте орналасқан тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болатын жағдайды қоспағанда, компания төлейтін дивидендтерге қандай да болсын салық сала алмайды, егер төленетін дивидендтер немесе бөлінбеген пайда осындай басқа Мемлекетте туындайтын пайдадан немесе толық не болмаса ішінара алып тұрған күннің өзінде де компанияның бөлінбеген пайдасына салық сала алмайды.

6. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын және басқа Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар компанияға, осы тұрақты мекемеге жататын, табысқа салынатын салыққа қосымша, осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін. Бірақ осындай салық басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуға тиіс компания пайдасы үлесінің 5 процентінен аспауы керек. Осы тармақтың мақсаттары үшін "табыстар" термині, құн өсімінен алынатын кез келген табыстарды қоса, осы Мемлекетте осындай пайдадан алынатын, осында аталған қосымша салықтан өзге барлық салықтар шегерілген жылы алдындағы жылы Уағдаласушы Мемлекеттегі тұрақты мекемеге қ а т ы с т ы п а й д а н ы б і л д і р е д і .

1 1 - б а п П р о ц е н т т е р

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін проценттерге осы басқа мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, мұндай проценттерге, сондай-ақ олар пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте және осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер, алушы проценттердің іс жүзіндегі иесі болса, онда мұндай жолмен алынған салық проценттердің жалпы сомасының 10 процентінен аспайтын болады.

3. "Проценттер" термині осы Бапта пайдаланылған кезде кепілдікпен қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген борыштық талаптардың кез келгенінен алынған табысты, ішінара үкіметтің бағалы қағаздарынан алынатын табысты және

облигациялардан немесе борыштық міндеттемелерден алынатын табысты, осы бағалы қағаздар, облигациялар немесе борыштық міндеттемелер бойынша төленетін сыйақылар мен ұтыстарды білдіреді. Төлемдердің уақытында жасалмағаны үшін салынатын айыппұлдар осы Баптың мақсаттары үшін проценттер ретінде қ а р а с т ы р ы л м а й д ы .

4. 2-тармақтың ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын п р о ц е н т т е р , е г е р :

а) проценттер осы Уағдаласушы Мемлекет Үкіметінің немесе оның аймақтық немесе жергілікті өкімет органының облигацияларына, борыштық міндеттемелеріне немесе басқа да міндеттемелеріне байланысты, проценттердің іс жүзіндегі иесі басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылған жағдайда төленетін болса;

б) проценттер Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары арасында келісіліп отыруы мүмкін, Норвегияның орталық банкі, Норвегияның Экспорттық несиелерді кепілдендіру институты немесе A/S Экспортфинанс немесе кез келген басқа мекеме заемға, берген кепілдендірген немесе сақтандырған берген немесе несиеге қатысты Қазақстан резидентінің Норвегияның резидентіне берешегі бойынша т ө л е н е т і н б о л с а ;

с) проценттер Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары арасында келісіліп отыруы мүмкін, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе Эксимбанк немесе басқа мекеме берген, кепілдендірген немесе сақтандырған заемға, берген немесе кепілдендірген немесе сақтандырған несиеге қатысты Норвегия резидентінің Қазақстанның резидентіне берешегі бойынша төленетін болса - осы Мемлекетте с а л ы қ т а н б о с а т ы л а д ы .

5. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын проценттердің нақты иесі проценттер пайда болатын басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе, ал проценттер төлеуге негіз болып отырған борыш талабы шын мәнінде осы тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болса 1, 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7-баптың (Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда) немесе 14-баптың (Тәуелсіз жеке қызметтер) ережелері қолданылады.

6. Егер төлеуші осы Мемлекеттің резиденті болса проценттер Уағдаласушы Мемлекетте пайда болған болып саналады. Егер алайда, проценттер төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті ме, жоқ па осыған қарамастан Уағдаласушы Мемлекетте проценттер төленетін қарыз пайда болған тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса және осындай проценттерді осындай тұрақты мекеме немесе тұрақты база төлейтін болса, онда мұндай проценттер осындай тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Мемлекетте пайда болды деп есептеледі.

7. Егер проценттер төлеуші мен оның іс жүзіндегі иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлғаның арасындағы арнаулы қатынастардың себебінен, борыштық талаптардың негізінде төленетін проценттердің сомасы осындай қатынастар болмаған кезде проценттерді төлеуші мен оның іс жүзіндегі иесі арасында келісілген сомадан асып кетсе, онда осы Баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемнің артық бөлігіне осы Конвенцияның басқа да ережелерін ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы тиісті.

8. Егер проценттер төленетін борыштық қатынастарды туғызумен немесе жүктеумен байланысты кез келген тұлғаның негізгі мақсаты немесе негізгі мақсаттарының бірі осындай борыштық талаптарды туғызу немесе жүктеу жолымен осы Баптан пайда табу болса, осы Баптың ережелері қолданылмайды.

1 2 - б а п Р о я л т и

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін роялтиге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, мұндай роялтиге, сондай-ақ ол пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте және осы Мемлекеттің заңына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ роялти алушы және оның нақты иесі басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылай алынатын салық роялтидің жалпы сомасының 10 процентінен аспауға тиісті.

3. Осы баптың 2-тармағына қарамастан, осы Баптың 4-тармағында айқындалғанындай, лизингке қатысты роялтидің іс жүзіндегі иесіне, егер осындай роялтиді төлеуге қатысты құқық немесе мүлік іс жүзінде осы Уағдаласушы Мемлекеттегі тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, өзінің қалауы бойынша роялти пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін. Мұндай жағдайда осындай құқық пен мүлікке қатысты табыс пен шегерімдерге (негізгі құралдарды сатып алуға байланысты күрделі шығындардың шегерімдерін қоспағанда) жағдайларға байланысты осы Конвенцияның 7-бабының (Кәсіпкерлік қызметтен алынған пайда) немесе 14-бабының (Тәуелсіз жеке қызметтер) ережелері қолданылады.

4. "Роялти" термині осы бапта пайдаланылған кезде кинематографиялық фильмдерді және фильмдерді немесе радио және телехабарларға арналған таспаларды, кез келген патентті, сауда маркасын, дизайн немесе үлгіні, жоспарды, құпия формуланы немесе процесті қоса, әдебиет, өнер және ғылым шығармаларына немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықтарды пайдаланғаны немесе пайдалану құқығын бергені үшін немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми тәжірибеге қатысты ақпараттар үшін жасалған төлемдердің кез келген түрін және

өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми тәжірибені пайдаланғаны немесе пайдалану құқығын бергені үшін жасалған төлемдерді білдіреді.

5. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын роялтидің нақты иесі роялти пайда болған басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте орналасқан тұрақты базадан онда тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және роялти өздеріне қатысты төленетін құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7-баптың (Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда) немесе 14-баптың (Тәуелсіз жеке қызметтер) ережелері қолданылады.

6. Егер роялти төлеуші осы Мемлекеттің резиденті болып табылса, роялти Уағдаласушы Мемлекетте пайда болды деп есептеледі. Егер алайда, роялти төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті ме, жоқ па осыған қарамастан Уағдаласушы Мемлекетте роялти төлеу міндеттемесінің пайда болуына қатысты тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса және осындай роялти осы тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, онда мұндай роялти тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Мемлекетте пайда болды деп есептеледі.

7. Егер роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасындағы немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа тұлғаның арасындағы ерекше қатынастардың себебінен, құқықты немесе ақпаратты пайдалануға қатысты төленетін роялтидің сомасы осындай қатынастар болмаған кезде роялтиді төлеуші мен оның іс жүзіндегі иесі арасында келісілген сомадан асып кетсе, онда осы Баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне, осы Конвенцияның басқа ережелерін ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңына сәйкес салық с а л ы н у ғ а т и і с т і .

8. Егер Қазақстан осы Конвенцияға қол қойылған уақытта Экономикалық Ұнтымақтастық және Даму Ұйымына (ЭЫДҰ) мүше болып табылатын, үшінші мемлекетпен жасасқан қосарланған салықты болдырмау туралы кез-келген Конвенцияда Қазақстан уақыттан кейін осы баптың 4-тармағында айтылған анықтамадан құқық пен мүліктің кез келген түрін алып тастауға келіссе, немесе Қазақстанда пайда болған роялтиді роялтиге салынатын Қазақстан салығынан босатса немесе 2-тармақта қарастырылған салықтың ставкасын шектесе, онда мұндай айқындау немесе босату, немесе төменірек ставка, автоматты түрде, тиісінше 4-тармақта немесе 2-тармақта қарастырылғаны сияқты, қолданылады.

9. Егер роялти төлеуге қатысты құқықтарды тудыруға және жүктеуге байланысты кез-келген тұлғаның негізгі мақсаты немесе негізгі мақсаттарының бірі осындай құқықтарды тудыру немесе жүктеу арқылы осы Баптан пайда табу болса, бұл баптың е р е ж е л е р і қ о л д а н ы л м а й д ы .

Мүлік құнының өсімінен алынатын табыстар

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті 6-бапта (Жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар) айтылған және басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүлікті шеттетуден алған табыстарға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті:

а) ресми танылған қор биржасында елеулі және тұрақты негізде саудаланатын акциялардан өзге, құнын немесе олардың құнының көпшілік бөлігін Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен тікелей немесе жанама алынатын акцияларды шеттетуден, немесе

б) активтері басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан негізінен жылжымайтын мүліктен, немесе жоғарыдағы а) тармақшасында айтылған акциялардан тұратын әріптестікке немесе сенімгерлік қорына (трастқа) қатысудан - алынатын табыстарға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны басқа Уағдаласушы Мемлекетте иелік етіп отырған тұрақты мекемесінің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлікті шеттетуден немесе тәуелсіз жеке қызметтер көрсету мақсаттары үшін Уағдаласушы Мемлекеттің басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне тиесілі тұрақты базаға қатысты жылжымалы мүліктен алатын табыстарына, осындай тұрақты мекемені (бүкіл кәсіпорынмен жеке немесе бірге алғанда) немесе осындай тұрақты базаны шеттетуден алынған осындай табыстарға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

4. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті халықаралық тасымалдауда пайдаланылатын теңіз немесе әуе кемелерін немесе теңіз және әуе кемелерін пайдалануға байланысты жылжымалы мүлікті шеттетуден табыстарға тек осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

5. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның акцияларын немесе басқа да корпоративтік құқықтарын шеттетуден алынатын табыстар және осы Мемлекеттің резиденті болған және осындай акцияларды, құқықтарды немесе бағалы қағаздарды алғаннан кейін басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне айналған жеке тұлға алған осындай акцияларды немесе құқықтарды шеттетуден алынатын табыстар сияқты осы Мемлекетте салықтық реттеуге түсетін кез-келген бағалы қағаздарды шеттетуден алынған табыстарға, егер акцияларды, құқықтарды немесе бағалы қағаздарды шеттету жеке тұлға бірінші аталған Мемлекеттің резиденті болуын тоқтатқан сәттен кейінгі бес жылдың ішінде кез-келген уақытта жүргізілсе, бірінші аталған Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

6. Мұның алдындағы тармақтарда көрсетілгеннен өзге кез келген мүлікті

шеттетуден алынған табыстарға мүлікті шеттетуші тұлға резиденті болып табылатын
Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

1 4 - б а п Тәуелсіз жеке қызметтер

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын жеке тұлғаның кәсіби қызмет көрсетуге немесе тәуелсіз сипаттағы басқа да қызметтерге қатысты алған табысына осы Мемлекетте ғана салық салынады. Алайда мұндай табысқа егер:

- а) жеке тұлға кез келген 12 айлық кезеңде жалпы алғанда 183 күннен асатын кезеңнің немесе кезеңдердің ішінде басқа Мемлекетте болатын болса; немесе
- б) жеке тұлғаның өз қызметтерін жүзеге асыру үшін осы басқа Мемлекетте ол ұдайы қатыса алатын тұрақты базасы болса;

ал бірақ оның осы басқа Мемлекетте жүзеге асырылатын қызметтерге қатысты бөлігінде ғана - басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Кәсіби қызметтер" термині, ішінара, тәуелсіз ғылыми, әдеби, әртістік, білім беру немесе оқытушылық қызметті, сондай-ақ дәрігерлердің, заңгерлердің, инженерлердің, сәулеткерлердің, тіс дәрігерлерінің және бухгалтерлердің қызметтерін қамтиды.

1 5 - б а п Тәуелді жеке қызметтер

1. 16 (Директорлардың сыйақылары), 18 (Зейнетақылар, аннуитеттер, әлеуметтік сақтандыру жүйесінің төлемдері және алименттер) және 19 (Мемлекеттік қызмет) баптардың ережелерін ескере отырып, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті жалданып істеген жұмысына байланысты алған ырыздық ақысына, жалақысына және басқа да осындай сыйақыларына, егер тек жалданып істеген жұмыс басқа Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асырылмаса, осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер жалданып істейтін жұмыс осылайша жүзеге асырылса, онда осындай жұмысқа байланысты алынған осындай сыйақыға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. 1-тармақтың ережелеріне қарамастан, басқа Уағдаласушы Мемлекетте орындалатын, жалдау жұмыстарына байланысты Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған сыйақыға тек бірінші аталған Мемлекетте ғана салық салынады, егер:

- а) алушы басталатын немесе аяқталатын тиісті күнтізбелік жылдың 12 айлық кезеңінің ішінде жалпы алғанда 183 күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер бойы басқа Мемлекетте тұрған болса; және

б) сыйақыны алушы резиденті болып табылатын және іс-әрекеті жұмыс күшін жалдап алуға қатысты емес мемлекеттің резиденті болып табылатын жалдаушы төлесе немесе жалдаушының атынан төленсе; және

сыйақыны басқа Мемлекеттің резиденті болып табылмайтын жалдаушы төлесе немесе жалдаушының атынан төленсе; және

с) сыйақыны жалдаушының басқа Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекемесі төлесе.

3. Осы Баптың мұның алдындағы ережелеріне қарамастан, халықаралық тасымалдарда пайдаланылатын теңіз немесе әуе кемелерінің бортында орындалатын, жалдама жұмыстарға қатысты алынған сыйақыларға кәсіпорын резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

4. Егер Норвегияның резиденті Скандинавия Авиа желілері Жүйесінің консорциумы халықаралық тасымалдауда пайдаланатын ұшақтардың бортында жүзеге асырған жалдамалы жұмысына қатысты сыйақы алса, онда мұндай сыйақы алушы резиденті болып табылатын сол Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

16 - б а п

Директорлардың сыйақылары

Басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын, компанияның директорлар Кеңесінің немесе осындай органының мүшесі Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған директорлардың сыйақыларына және басқа да сондай төлемдерге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

17 - б а п

Әртістер мен спортшылар

1. 14 (Тәуелсіз жеке қызметтер) және 15 (Тәуелді жеке қызметтер) баптардың ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті театр, кино, радио немесе теледидар әртісі ретінде немесе сазгер, немесе спортшы ретінде, оның басқа Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асырған жеке қызметінен алған табысына осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Егер өнер қызметкерінің немесе спортшының өзінің осы сипатында жүзеге асыратын жеке қызметіне алған табысы өнер қызметкерінің немесе спортшының өзіне емес, басқа тұлғаға есептелсе, онда бұл табысқа, осы Конвенцияның 7 (Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда), 14 (Тәуелсіз жеке қызметтер) және 15 (Тәуелді жеке қызметтер) баптарының ережелеріне қарамастан, өнер қызметкерінің немесе спортшының қызметі жүзеге асырылған Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Егер осы Мемлекетте сапарды едәуір дәрежеде Уағдаласушы Мемлекеттің қоғамдық қорлары немесе олардың әкімшілік бөлімшелері немесе жергілікті өкімет органдары қаржыландыратын болса, өнер қызметкерінің немесе спортшының

Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асыратын қызметінен алынған 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда өнер қызметкері немесе спортшы резиденті болып табылатын Мемлекетте ғана салық салынады.

1 8 - б а п

Зейнетақылар, аннуитеттер, әлеуметтік сақтандыру жүйесінің төлемдері және алименттер

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін зейнетақыларға (үкіметтік зейнетақылары мен әлеуметтік сақтандыру жүйесінің төлемдерін қоса) және аннуитеттерге осы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Алименттерге және Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін бағып-күтуге арналған басқа да төлемдерге (балаларды бағуға арналған төлемдерді қоса) осы Мемлекетте ғана салық салынады. Алайда, кез келген алиментке және бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне, төлеушіге рұқсат етілген жәрдемақы ретінде саналмайтын мөлшерде төлейтін, бағып-күтуге арналған басқа да төлемдерге бірінші аталған Мемлекетте ғана салық с а л ы н а д ы .

1 9 - б а п

М е м л е к е т т і к қ ы з м е т

1. а) Ырыздыққа, жалақыға немесе кез-келген жеке тұлғаға Уағдаласушы Мемлекет немесе оның жергілікті өкімет органы осы Мемлекет немесе жергілікті өкімет органы үшін жүзеге асырған қызметіне төлейтін зейнетақыдан өзге, басқа да ұқсас сыйақыға тек осы Мемлекетте салық салынады.

б) Алайда, мұндай ырыздыққа, жалақыға немесе басқа да ұқсас

сыйақыға, егер қызмет осы Мемлекетте жүзеге асырылса және жеке тұлға осы Мемлекеттің резиденті болып табылса, ол:

(i) осы Мемлекеттің азаматы болып табылса, немесе

(ii) қызметті жүзеге асыру мақсатымен ғана осы Мемлекеттің резиденті болмаған болса,

тек Мемлекетте ғана салық салынады.

2. 15 (Тәуелді жеке қызметтер) және 16 (Директорлардың сыйақылары) Баптардың ережелері ырыздыққа, жалақыға және Уағдаласушы Мемлекет немесе оның жергілікті өкімет органы жүзеге асыратын кәсіпкерлік әрекетке байланысты қызметке қатысты басқа да ұқсас сыйақы мен зейнетақыға қолданылады.

20-бап
Студенттер

Уағдаласушы Мемлекетке нақты келгенге дейін басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылған және бірінші аталған Мемлекетте білім алу немесе тәжірибеден өту үшін ғана тұрып жатқан студент немесе тәжірибеден өтуші алатын, олардың сонда тұруына, білім алуына немесе тәжірибеден өтуіне арналған төлемдер, егер бұл төлемдердің көздері осы Мемлекеттен тысқары орналасса, осы Мемлекетте с а л ы қ с а л ы н б а й д ы .

2 1 - б а п
О ф ф ш о р л ы қ қ ы з м е т

1. Осы Конвенцияның басқа ережелеріне қарамастан, осы Баптың ережелері м ы н а л а р ғ а қ о л д а н ы л а д ы .

2. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын тұлға басқа Уағдаласушы Мемлекетте теңіздің түбін және оның қойнауларын, басқа да табиғи ресурстарды барлауға немесе игеруге байланысты оффшорлық қызметі жүзеге асырса, осы баптың 3 және 4-баптарына сәйкес осы Мемлекеттегі тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырады деп саналады.

3. Егер ұзақтығы ең екі айлық кез келген кезеңнің 30 күнінен аспайтын уақытта әрекет етсе, 2 тармақтың ережесі қолданылмайды. Алайда, осы тармақтың мақсаты ү ш і н :

а) басқа кәсіпорын мен бірлескен кәсіпорынның қызметі, егер ол соңғы аталған кәсіпорын арқылы жүзеге асырылса;

б) егер біреуі немесе екеуі де үшінші тұлғаның немесе тұлғалардың бақылауында тікелей немесе жанама тұрғыда болса, екі кәсіпорын бірлескен болып саналады.

4. Уағдаласушы Мемлекетте теңіздің түбін және оның қойнауларын барлауға немесе игеруге байланысты әрекеттерді жүзеге асыру арқылы, не тіркеме және басқа кемелерді пайдалану арқылы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған пайдаға кәсіпорын резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

5. а) Осы тармақтың б) тармақшасын ескере отырып, басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан теңіз түбін және теңіз түбінің қойнауларын және олардың табиғи ресурстарды барлауға немесе игеруге байланысты жалдама жұмысқа қатысты Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған ырыздыққағыға, жалақыға және сол сияқты

сыйақыларға бұл әрекет осы басқа Мемлекеттегі оффшорда қалай жүзеге асырылғанына қарай осы басқа Мемлекетте салық салынады. Алайда, егер басқа мемлекеттің резиденті болып табылмайтын жалдаушы үшін жалдамалы жұмыс оффшорда және кез-келген 12 айлық кезеңде жалпы алғанда 30 күннен аспайтын кезеңнің немесе кезеңдердің ішінде жүзеге асырылса, мұндай сыйақы тек бірінші аталған Мемлекетте салық салуға жатады;

б) теңіз түбі мен қойнауларын және олардың табиғи ресурстарды барлауға немесе игеруге байланысты әрекет басқа Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асырылған, запастарды немесе қызметкерлерді орналасқан жеріне немесе орналасқан жерлері арасында тасымалдаумен айналысатын кемеңің немесе ұшақтың бортында орындалатын жалдамалы жұмысқа байланысты немесе осындай әрекетке қосымша пайдаланылатын тіркеме немесе басқа кемелердің бортында орындалатын жалдамалы жұмысқа байланысты Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған ырыздыққақыға, жалақыға және сол сияқты сыйақыларға осындай әрекетті жүзеге асырушы кәсіпорын резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

6. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті:

а) барлау немесе игеру құқықтары; немесе

б) басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан мүліктерді және осы басқа Мемлекетте орналасқан теңіздің түбін және оның қойнауларын, басқа да табиғи ресурстарды барлауға немесе игеруге байланысты пайдаланылатын мүліктерді;

с) осындай құқықтардан немесе осындай мүліктен, не қосып алғандағы осындай құқықтардан немесе осындай мүліктен өз құнын өзінің құнын немесе оның көпшілік бөлігін тікелей немесе жанама алатын акцияларды - шеттетуден алатын табыстарға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

Осы тармақтағы "барлау немесе игеру құқықтары", активтердің проценттері мен жеңілдіктерін қоса, басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан теңіздің түбін және оның қойнауларын, басқа да табиғи ресурстарды барлаудың және игерудің нәтижесінде алынатын активтерді игеру құқықтарын білдіреді.

2 2 - б а п

Б а с қ а т а б ы с т а р

1. Осы Конвенцияның бұрынғы баптарында айтылмаған, пайда болу көздеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекет резиденті табыстарының түрлеріне тек осы Мемлекетте салық салынады.

2. 6-баптың (Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс) 2-тармағында айқындалған, жылжымайтын мүліктен алынатын табыстан өзге табысқа, егер мұндай табысты алушы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, басқа Уағдаласушы Мемлекетте

сонда орналасқан соңғы тұрақты мекеме арқылы осы қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан соңғы

тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және алынған табысқа қатысты құқық немесе мүлік іс жүзінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болса, 1-тармақтың ережесі қолданылмайды. Мұндай жағдайда, ретіне қарай 7-баптың (Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда) немесе 14-баптың (Тәуелсіз жеке қызметтер) ережелері қолданылады.

IV тарау

Капиталға салық салу

23-бап

Капитал

1. Уағдаласушы Мемлекет резидентінің меншігі болып табылатын және басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан, 6-бапта (Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс) аталған жылжымайтын мүлік ретінде ұсынылған капиталға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны басқа Уағдаласушы Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкінің бөлігін құрайтын жылжымалы мүліктен немесе жеке тәуелсіз қызметтер көрсету мақсаттары үшін басқа Уағдаласушы Мемлекетте Уағдаласушы Мемлекет резидентінің қарамағындағы тұрақты базаға қатысты жылжымалы мүлік түрінде ұсынылған капиталға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны халықаралық тасымалдарда

пайдаланатын теңіз және әуе кемелері және осындай теңіз және әуе кемелерін пайдалануға байланысты жылжымалы мүлік түрінде ұсынылған капиталға осы Мемлекетте салық салынады.

4. Уағдаласушы Мемлекет резиденті капиталының барлық басқа элементтеріне тек осы Мемлекетте салық салынады.

V Тарау

Қосарланған салықты жоюдың әдістері

24-бап

Қосарланған салық салуды болдырмау

Уағдаласушы Мемлекеттер заңдарының ережелеріне сәйкес және шектеулерін (уақыт өткен сайын, олардың негізгі қағидаларын өзгертпей, түзетулер енгізіліп отыруы мүмкін) е с к е р е о т ы р ы п :

а) егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін табыс тапса, бірінші аталған У а ғ д а л а с у ш ы М е м л е к е т :

(i) осы резиденттің табысына салынатын салықтан басқа Уағдаласушы Мемлекетте төленетін табыс салығына тең соманы шегеруге;

(ii) осы резиденттің капиталына салынған салықтан басқа Мемлекетте төленген капиталға салынған салыққа тең соманы шегеріп тастауға рұқсат етеді.

Алайда, мұндай шегерім кез-келген жағдайда табыс салығының немесе капиталға салынатын салықтың, басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін табысқа немесе капиталға қатысты шегерім берілгенге дейін есептелген, бөлігінен аспауға т и і с т і .

b) Егер Конвенцияның кез-келген ережесіне сәйкес Уағдаласушы

Мемлекеттің резидентіне тиесілі алынған табыс немесе капитал осы Мемлекетте салықтан босатылған болса, онда осы Мемлекет, алайда, осындай резиденттің қалған табысына немесе капиталына салынатын салық сомасын есептеген кезде салықтан босатылған табысты немесе капиталды есепке алуы мүмкін.

VI Тарау Арнаулы ережелер

25-бап Кемсітпеу

1. Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары, әсіресе резиденттікке қатысты ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салудан немесе осыларға байланысты жағдайлардан өзгеше немесе біршама ауыртпалықты кез келген салық салуға немесе осыларға байланысты кез келген жағдайға, басқа Мемлекеттің ұлттық тұлғалары сондай жағдайда да басқа Уағдаласушы Мемлекетте ұшырамауы тиіс. Осы ереже 1-

баптың (Конвенция қолданылатын тұлғалар) ережелеріне қарамастан, сондай-ақ Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де резиденттері болып табылмайтын тұлғаларға да қолданылады.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттері болып табылатын азаматтығы жоқ тұлғалар сондай жағдайларда да тиісті Мемлекеттің ұлттық тұлғалары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салудан немесе осыларға байланысты жағдайлардан өзгеше немесе біршама ауыртпалықты кез келген салық салуға немесе осыларға байланысты кез келген жағдайға Уағдаласушы Мемлекеттердің бірде-бірінде ұ ш ы р а м а у ы т и і с т і .

3. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны басқа Уағдаласушы Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекемеге салық салу осындай қызметті жүзеге асыратын осы басқа Мемлекеттің кәсіпорындарына салық салуға қарағанда осы басқа Мемлекетте біршама қолайсыздау болмауы тиіс. Осы ереже бір Уағдаласушы Мемлекетті басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне оларды салық төлеуден босатудың және азаматтық мәртебе немесе өзінің төл резидентіне беретін отбасы міндеттемелері негізінде салық салу бойынша қандай да бір жеңілдіктер, шегерімдер мен кемітіп көрсетулер берілетіндей болып пайымдалмауы тиіс.

4. 9-баптың (Ассоциацияланған кәсіпорындар), 11-баптың (Проценттер) 7-тармағының немесе 12-баптың (Роялти) 7-тармағының ережелері қолданылатын жағдайларды қоспағанда Уағдаласушы Мемлекеттің басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін проценттер, роялти және басқа төлемдер осындай кәсіпорынның пайдасын айқындау мақсаты үшін олар бірінші аталған Мемлекеттің резидентіне қалай төленсе, нақ осындай жағдайлар кезінде шегеріліп тастауға жатады. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне ұқсас кез келген борышы осындай кәсіпорынның салық салынатын капиталын айқындау мақсаты үшін бірінші аталған Мемлекет резидентінің жағдайларындағыдай шегеруге жатады.

5. Капиталы басқа Уағдаласушы Мемлекеттің бір немесе бірнеше резидентіне толық немесе ішінара тиесілі немесе олар толық немесе жанама түрде бақылауға алып отырған бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнына бірінші аталған Мемлекеттің осындай басқа кәсіпорындарына қолданылатын немесе қолданылуы мүмкін салық салу тәртіптеріне және соған байланысты міндеттерге қарағанда ерекшеленетін немесе анағұрлым ауыртпалықты болып табылатын салық салу міндеттеріне немесе соған байланысты қандай да бір міндеттерге бірінші аталған Мемлекетте қолданылмауы тиіс.

6. Осы Баптың ережелері салықтың кез келген тектері мен түрлеріне қолданылады.

1. Егер тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де іс-әрекеттері өзін осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға душар етіп отыр немесе душар ететін болады деп есептесе, ол осы Мемлекеттердің ішкі заңдарында көздеген қорғану құралдарына қарамастан өзінің ісін өзі резидент болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің немесе оның бастан кешірген жағдайы 25-баптың (Кемсітпеу) 1-тармағына қатысты болса, өзі ұлттық тұлғасы болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органдарының қарауы үшін бере алады. Арыз Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға душар еткен іс-әрекеттер жайлы алғашқы хабар берілген сәттен бастап үш жыл ішінде берілуі тиісті.

2. Құзыретті орган, егер ол шағымды орынды деп есептесе және өзі қанағаттанарлық шешімге келе алмаса, Конвенцияға сәйкес келмейтін салық салуды болдырмау мақсатында мәселені басқа Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органымен өзара келісе отырып шешуге ұмтылады. Кез келген қол жеткізілген уағдаластық Уағдаласушы Мемлекеттердің ішкі заңдарында бар қандай да бір уақытша шектеулерге қарамастан орындалуға тиісті.

3. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары Конвенцияны пайымдау немесе қолдану кезінде туындайтын кез келген қиындықтарды немесе күмән-күдіктерді өзара келісе отырып шешуге ұмтылады. Олар, сондай-ақ Конвенцияда көзделмеген жағдайларда қосарланған салық салуды жою үшін бір-бірімен консультация өткізе алады.

4. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары мұның алдындағы тармақтарды келісіп алуға қол жеткізу мақсатында бір-бірімен тікелей байланыс жасай алады. Егер Конвенцияға қол жеткізу үшін ауызша пікір алысуды ұйымдастыру қажет болса, осындай пікір алысу Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдарының өкілдері арасында өткізілуі мүмкін.

2 7 - б а п А қ п а р а т а л м а с у

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Конвенцияның ережелерін орындауға немесе салық салу әзірше Конвенцияға қайшы келмейтіндей дәрежеде Конвенция қолданылатын салықтарға қатысты ережелерді немесе Уағдаласушы Мемлекеттердің ішкі қажетті ақпарат алысып тұрады. Уағдаласушы Мемлекет алатын кез келген ақпарат осы Мемлекеттің ішкі заңдарының шеңберінде алынған ақпарат секілді құпия болып есептеледі және Конвенция қолданылатын салықтарға қатысты шағымдарды бағалаумен немесе жинаумен, күшпен жинап алумен немесе тиісті сот қудалауымен немесе қараумен айналысып жатқан тұлғаларға немесе органдарға ғана (соттар мен әкімшілік органдарды қосқанда) хабарланады. Мұндай тұлғалар немесе органдар ақпаратты осы мақсаттар үшін ғана пайдаланады. Олар бұл

ақпаратты ашық сот мәжілісі барысында немесе сот шешімдерін қабылдаған кезде аша
а л а д ы .

2. Ешқандай жағдайда 1-тармақтың ережелері Уағдаласушы Мемлекеттерге:

а) осы немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары мен әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларын қолдану;

б) осы немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары бойынша немесе әдеттегі әкімшілік практикасы барысында алуға болмайтын ақпарат беру;

с) қандай да бір сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіптік құпияны не сауда процесін ашуы мүмкін ақпарат немесе ашылуы мемлекеттік саясатқа (қоғамдық практикаға) қайшы келуі мүмкін ақпарат беру міндеттемесін жүктейтіндей мағынада пайымдалмауы тиіс.

2 8 - б а п

Салықтарды жинауға көмектесу

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары салықтарды проценттермен, шығындарымен және осы Бапта "салық талабы" деп аталған салықтарға жататын айыппұлдармен бірге жинауда біріне бірі көмек көрсетуге міндеттенеді.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органының салық талабын жинауда көмек көрсету туралы тілек-талабы мұндай органның осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық талабы түпкілікті белгіленгенін растауын қажет етеді. Осы баптың мақсаты үшін салық талабы, егер Уағдаласушы Мемлекет өзінің ішкі заңдарына сәйкес салық талабын жинауға құқығы болса және салық төлеуші мұндай алымды тежеуге бұдан әрі құқықсыз болса, салық талабы түпкілікті белгіленген болып табылады.

3. Көмек көрсету туралы тілектің мазмұны болып табылатын талап осындай көмек көрсететін Уағдаласушы Мемлекетте есептелетін салықтардан басым болмайды және 26-баптың 1-тармағының ережелері, осы Бапқа сәйкес, сондай-ақ Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органы беретін кез-келген ақпаратқа қолданылады.

4. Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органы жинау үшін қабылдаған Уағдаласушы Мемлекеттің табыс талабы басқа мемлекетте осы Мемлекеттің өз заңдарының ережелеріне сәйкес оның салықтарын жинауға қатысты түпкілікті белгіленген, өзінің табыс талабы сияқты талаппен жиналады.

5. Уағдаласушы Мемлекеттің өкілетті органы жинаған салықтардың сомасы осы Бапқа сәйкес басқа Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органына жіберіледі. Алайда, Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органдары өзгеше келіспеген болса, салықтарды жинауға көмек көрсетуге байланысты ұшыраған әдеттегі шығыстарды бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекет жабады және осындай тұрғыда ұшыраған, кез келген болжамсыз шығыстарды басқа Мемлекет жабады.

6. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің салық талабы, оның арыздануға немесе сотта

тексерілуге жататындығынан, түпкілікті белгіленбеген болса, онда бұл Мемлекет табыстарын қорғау үшін, басқа Мемлекеттің билігінде бар доғару жөніндегі уақытша шараларды, осы басқа Мемлекеттің заңдарына сай, өзінің атынан қолдану туралы басқа Уағдаласушы Мемлекетке тілек білдіре алады. Егер басқа Мемлекет мұндай тілекті қабыл алса, онда мұндай уақытша шараларды осы басқа мемлекет, бірінші аталған Мемлекетке тиесілі салықтар осы басқа Мемлекеттің өз салықтары болғаны сияқты, қ о л д а н а д ы .

7. Осы Бапқа сәйкес, егер салықтық борыштары бар салық төлеушінің есептелген салықты алу үшін осы Мемлекетте жеткілікті мүлігі болмаған жағдайда ғана, Уағдаласушы Мемлекет талап-тілек жасай алады.

8. Осы Бапқа сәйкес, егер салық талабы салық төлеуші бірінші немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылмаған кезеңге жататын болса, Уағдаласушы Мемлекетке салық төлеушіге қатысты көмек көрсетілмейді.

9. Осы Конвенцияның 2-бабының (Конвенция қолданылатын салықтар)

ережелеріне қарамастан осы баптың ережелері кедендік алымдар мен баждардан басқа салықтардың кез келген түрлеріне қолданылады.

10. Осы Бапта ештеңе Уағдаласушы Мемлекеттердің ешқайсысына, өзінің меншікті салықтарын жинаған кезде қолданатындағыдан өзгеше немесе оның мемлекеттік саясатына (қоғамдық тәртібіне) қайшы келетін сипаттамадағы, әкімшілік шараларды қолдану туралы міндеттемелерді тану ретінде пайымдалмайды.

29-бап

Дипломатиялық қызметтер және консулдық мекемелер

Осы Конвенцияның ешқандай ережесі дипломатиялық қызметтердің немесе консулдық мекемелердің халықаралық құқықтың жалпы нормаларымен немесе арнаулы келісімдердің ережелеріне сәйкес берілген салықтық артықшылықтарын қозғамайды.

VII Тарау

Қорытынды ережелер

30-бап

Күшіне енуі

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің әрқайсысы, осы Конвенцияның күшіне енуі үшін, оның заңдарында талап етілетін рәсімдердің аяқталғаны туралы басқасына хабарлайды.

2. Конвенция осы хабарламалардың соңғысы алынған күннен бастап күшіне енеді және осыған байланысты:

а) Конвенция күшіне енген айдан соңғы екінші айдың бірінші күнінен бастап немесе кейін төленетін немесе есептелетін сомаларға қатысты, дивидендтерден, проценттерден немесе роялтиден алынатын, табыстардың көзінен ұсталатын салықтарға қатысты;

б) Конвенция күшіне енген жылдан соңғы күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе кейін басталатын салық салу кезеңі ішіндегі басқа салықтарға қатысты - қолданылады.

3 1 - б а п Қолданылу күшін тоқтату

Осы Конвенцияның қолдану мерзіміне шек қойылмайды, бірақ ол күшіне енген күннен соңғы бес жылдық кезең біткеннен кейін басталатын кез келген күнтізбелік жылдың 30 маусымында немесе соған дейін әрекетті тоқтату туралы басқа Уағдаласушы Мемлекетке дипломатиялық арналар бойынша жазбаша хабар бере алады. Мұндай жағдайда Конвенция хабарлама берілгеннен соңғы күнтізбелік жылға байланысты (осы жылы басталатын есепті кезеңді қоса) табыс немесе капиталға салынатын салықтарға қатысты әрекетін тоқтатады.

Осыны куәландыру ретінде тиісті дәрежеде өкілеттік берген, төменде қол қоюшы өкілдер осы Конвенцияға қол қойды.

Осло қаласында 2001 жылғы 3 сәуірде қазақ, норвег, орыс және ағылшын тілдерінде екі дана етіп жасалды. Мәтіндерді түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда ағылшын мәтіні басшылыққа алынатын болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Норвегия Корольдігінің
Үкіметі үшін

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК